

**«Ландшафттық жобалау» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «07310500 - Ландшафттық дизайн» мамандығы 3W07310501-Көгалдандыру шебері, 4S07310502-Ландшафт дизайнері біліктеріне арналған «Ландшафттық жобалау» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Саябақ ландшафттарын жобалаудың ерекшеліктері	01	Ландшафт дизайнындағы стильдер
		02	Қала құрылысы құрылымының түрлері
02	Ландшафттық көгалдандыру объектілерінің декоративтік дизайны	03	Гүлзарларды орналастыру және күту. Жартасты аймақтар мен тасты жерлер
03	Көгалдарды орналастыру және күтіп баптау	04	Газондардың классификациясы. Газондарға күтім жасау
04	Көгалдандыру жүйесінің негізгі элементтері	05	Қалалардағы жасыл екпелер классификациясы
05	Ландшафттық көгалдандыру жолдарын мен учаскелерін ұйымдастыру	06	Жолдар мен учаскелерді ұйымдастыру және күтіп ұстау
06	Ландшафттық көгалдандыру объектілерінде ағаштар мен бұталарды отырғызу	07	Көгалдандыру жұмыстарының ережелері және отырғызу материалының түрлері
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Саябақ ландшафттарын жобалау ерекшеліктері.

Регулярлық стиль. Пейзаждық стилі. Әр дәуірдегі бақтар мен саябақтар. Қала құрылысы құрылымының түрлері.

Ландшафттық көгалдандыру объектілерінің декоративтік дизайны.

Массивтер. Топтар. Миксбордер. Гүлзарлар. Солитер. Партер. Рабатка. Гүл композициясы. Гүлзарларға күтім жасау. Гүл бақшасына күтім жасау. Гүл бақшасын жөндеу. Альпинарий. Рокарий. Тасты аймақтар.

Көгалдарды орналастыру және күтіп баптау.

Газон. Сәндік көгалдар. Шалғынды көгалдар. Арнайы көгалдар. Тұқым себу әдісімен көгалдарды орналастыру. Көгалдарға топырақ дайындау. Жер төсеніштері. Гүлденген көгалдар. Көгалдардың әртүрлі түрлерін жасау. Көгалдарға күтім жасау. Шөп шабу. Тыңайтқыштарды қолдану. Шөпті механикалық өңдеу. Көгалдарды жөндеу.

Көгалдандыру жүйесінің негізгі элементтері.

Орман саябақтары. Саябақтар. Скверы. Көпфункционалды саябақтар. Мамандандырылған саябақтар. Ұлттық және табиғи саябақтар. Жағалаулар. Бульварлар. Балабақшалар. Шектеулі аумақты ландшафтық ұйымдастыру.

Ландшафттық көгалдандыру жолдары мен учаскелерін орналастыру.

Жолдар мен учаскелер үшін қолданылатын негізгі материалдар. Жолдар мен платформаларды жабу түрлері. Әртүрлі жабу түрлеріне арналған жолдар мен учаскелерді салуға қойылатын негізгі талаптар. Жолдар мен платформаларды жөндеу.

Ландшафттық көгалдандыру объектілерінде ағаштар мен бұталарды отырғызу.

Ағаш тектес өсімдіктерді отырғызу материалдарының түрлері. Отырғызу, себу уақыттары. Отырғызу, себу ережелері. Ағаштар мен бұталарды отырғызу технологиясы мен ережелері. Көгалдандыру объектілеріндегі ағаштар мен бұталарға күтім жасау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы – орташа 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Абаева Қ.Т., Қожабекова А.Ж., Копабоева А.А., Ландшафтық дизайн, Алматы 2013
2. Адаева Д.С., Унышева А.Т., Султанбекова С.Е., Осиненко Г.В. Ландшафтық дизайн тұжырымдамасының негізгі ережелері, «Астана «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ, 2018
3. Тауасова Д.Н., Жалғасбаева Ж.Қ., Мырзабекова А.Н., Ахметов Р.С. Ландшафтық жобалаудың амалдары мен тәсілдері. Астана «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ, 2018